



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

- 7M01402 – Музыкалық білім

БІЛІМ БАҒДАРЛАМАСЫ НЫҢ МАҚСАТЫ	Қоғамның әлеуметтік-мәдени даму прогресін, ішкі және сыртқы еңбек нарықтарында табысты бәсекелестікті қамтамасыз етуге қабілетті, ойлаудың интегралдық деңгейі бар Музыкалық білім беру және өнер саласы үшін жоғары білікті ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау.
КӘСІБИ ҚЫЗМЕТІНІҢ АЯСЫ	Музыкалық білім және өнер саласы, музыкалық-педагогикалық білім беру саласы Ғылыми-педагогикалық ұйымдарының қызметкерлері, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру. Ересектер мен балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері. Білім беру ұйымдарындағы менеджерлер (ЖОО-дан басқа))

ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

ОН1 - өзінің зияткерлік және жалпы мәдени деңгейін дамытады және жетілдіреді, зерттеудің жаңа әдістерін өз бетінше игеруге, өзінің кәсіби қызметінің ғылыми бейінін таңдауға қабілетті;

ОН2 - мамандықтың жоғары әлеуметтік маңыздылығын, кәсіби этика принциптерін түсінеді, пәндік саланы, педагогикалық өлшемдерді, білім беру жүйесінің даму тенденцияларын, нормативтік құқықтық актілерді және электрондық құжаттаманы жүргізу негіздерін педагогикалық қызметте пайдаланады;

ОН3 - білім беру процесінің барлық субъектілерінің (педагогтің, білім алушылардың және олардың ата-аналарының) қызметін талдауға, зияткерлік, дене бітімі және рухани жағынан дамыған, сыни тұрғыдан ойлайтын, өзгермелі әлеуметтік және экономикалық жағдайларда өмір сүруге дайын тұлғаны тәрбиелеуге нысаналы бағытпен оқу-тәрбие процесін модельдеуге қабілетті;

ОН4 - психикалық, психофизиологиялық дамудың жалпы, спецификалық және жеке ерекшеліктерін және инклюзивті білім беру құндылығын есепке алу құралдарын қолдана алады, әртүрлі жас деңгейлеріндегі мінез-құлық пен іс - әрекетті реттеудің ерекшеліктерін біледі;

ОН5 - психологиялық және педагогикалық зерттеу әдістерін меңгерген, өнімді, гипотезаны, құбылысты немесе оқиғаны жүйелі түсіндіру үшін әртүрлі көздерден алынған ақпаратты талдайды, синтездейді, шығармашылықпен түрлендіреді, педагогикалық қызметке шығармашылық, зерттеушілік көзқарас танытады;

ОН6 - өзінің зерттеу қызметінде ғылыми зерттеулерді жобалау және ұйымдастыру технологияларын пайдаланады, жаңа білім салаларын қоса алғанда, практикалық қызметте жаңа білім мен дағдыларды дербес алады және пайдаланады;

ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

ОН7 - әр түрлі жастағы балалардың дамуын диагностикалау әдістерін, оқыту мен тәрбиелеудің әртүрлі теорияларын білуге қабілетті, оқыту мен тәрбиелеуде білім алушылардың қабілеттерін, субъективтілігін, коммуникативтілігін, адамгершілігі мен толеранттылығын дамыту үшін кәсіби-әдіснамалық тәсілдерді қолданады;

ОН8 - білім алушылар қызметінің әртүрлі түрлерін ұйымдастыру тәсілдерін біледі, жас ерекшеліктеріне сәйкес білім алушылардың зерттеу және жобалау қызметімен байланысты тәрбие жұмысын ұйымдастыру әдістерін, білім беру процесіндегі заманауи ақпараттық және коммуникациялық технологияларды (SMART және STEM технологиялары) қолданады;

ОН9 - этномәдени және конфессиялық айырмашылықтарды және қоғамның әлеуметтік-мәдени құрылымының ерекшеліктерін, ұлттық тәрбиенің заңдылықтары мен принциптерін ескере отырып, көп мәдениетті ортада кәсіби қызметті ұйымдастыру тәсілдерін біледі;

ОН10 - кәсіптік міндеттерді шешуде пәнаралық және ведомствоаралық өзара іс-қимылға қатысуға қабілетті, білім алушыларды өзгермелі еңбек нарығына бейімдеу үшін қажетті құзыреттерді дамыту үшін оқуға және ұтқырлыққа қабілетті;

ОН11 - кәсіби-педагогикалық міндеттердің стандартты емес шешімдерін өз бетінше таба алады, кәсіби қызмет жағдайында тұлғааралық өзара әрекеттесудің психологиялық-педагогикалық заңдылықтары мен тетіктерін қолдана алады, ынтымақтастық пен сыни ойлауға қабілетті;

ОН12 - кәсіби қарым-қатынас құралы ретінде шет тілін еркін қолданады, кәсіби-педагогикалық іс-әрекеттің жаңа ақпараттық құралдары мен технологияларын қолданады; кәсіби өзін-өзі жетілдіруге және өзін-өзі дамытуға қабілетті.